

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

► Конструктивті диалог

Қазақстан – жаһандық қауіпсіздік жаршысы

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VI съезінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев туралы мәдениет, дін және мемлекет көшбасшылары арасында өзара сыйластық, ын-дандық ынтымақтастық идеяларын нығайту ісіндегі Қазақстанның тәжірибесі жөнінде айты.



— Қазақстанда 18 түрлі конфессияның 3,5 мыңнан астам діни субектілері тіркелген. Осыныша алуан түрлілікке қарамастан, біз ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дін бостандығын қорғаудың теспендігін сақтай білдік. Біз елімізде конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің көпшілік мойындаған ерекше қазақстандық моделін қалыптастыра алдық. Қазақ-

стан тәжірибесін әлемдік ауқымда да толық қолдануға болады деп сенемін, — деді Елбасы.

Қазақстан Президенті әлемдік қоғамдастықты бейбітшілік пен қауіпсіздікке шақыру жөнінде орталық басшылары ұсынған білдірі.

— Қазақстан алдағы уақытта

да бар күш-жігерін өңірлік және жаһандық қауіпсіздікке қатысты мәселелерді шешуге жұмылдыра береді. Айтылған бастамаларды бірлесу жүзеге асыру үшін Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөнінде орталық құруға дайынмын, — деді Қазақстан Президенті.

► Индустрияландыру

Өнеркәсіптегі жаңа мүмкіндіктер



Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Семей қаласының өнеркәсіптік нысандарын аралап, онда отандық машина жасау саласының дамуымен танысты.

Өңірдің индустриялық дамуымен, атап айтқанда, машина жасау саласының жұмысымен танысу аясында Премьер-министр

«Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС-іне, «Сема3» ЖШС-іне барды. Б.Сағынтаев автоқұрастыру зауытының жұмысын тексеріп, технологиялық процеспен және қосалқы бөлшектер мен аккумуляторлар өндірісі жөнінде, түрлі дайындау сатыларындағы автокөлік құрастыру сапасымен танысты.

Кәсіпорын қалалық және қала маңына қатынайтын Daewoo жөлаушы-

лар автобустарын шығаруға маманданған. Сонымен қатар биыл «Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС жөлаушылары қалаларлық тасымалдауға арналған тұтас металл шаңағы бар «GA-Zель Next» автокөліктерін шығаруды ігерді. Жалпы, кәсіпорын бәсекеге қабілетті тауарларды шығаруға және экспорттауға бағдарланған. Зауыт қуаттылығы жылына 1200 автобусты құрайтын ескерсек, жана өткізу нарықтарына шығу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

— Өткен жылы 3 млрд теңгеге 136 автобус шығарылды. Осы жылдың қантар-тамыз айларында 2,3 млрд теңгеге өнеркәсіптің өнім өндірілді: 82 Daewoo автобусы шығарылды, бұл өткен жылғы деңгейден 7,9%-ға жоғары, — деді «Сема3» ЖШС және «Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС бас директоры Ә. Досқожанов.

► ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын жүзеге асыру бойынша жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы қаралды.

БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Ұлттық экономика министрі Т. Сүлейменовтің айтуынша, жалпыұлттық жоспарда еліміздің дамуы үшін қолға алынатын негізгі алты міндет бойынша 100 іс-шара қамтылған.

Мемлекет басшысы Жолдаудағы бірінші тапсырма — «Халық табысының өсуі» міндеті бойынша қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға ерекше назар аударды. Бұл мақсатқа жету үшін қазақстандықтардың табысын арттырып, өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған 24 іс-шара қарастырылып отыр. «Қазақстандықтар үшін аса маңызды бастамалардың бірі — 2019 жылғы 1 қантардан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп 1,5 есе арттыру шарасы. Халықтың кірісін қорғау үшін заңнамаға тариф белгілеу тетігін, коммуналдық қызметтерде тұтынушылардың қаражатын пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған өзгерістер енгізілетін болады. Бизнесі тиімді қолдау мақсатында 2025 жылға дейін Бизнесінің жол картасы бағдарламасы жалғастырылады», делі міндет.

«Тұрмыс сапасын арттыру» бойынша екінші міндеттің аясында екі маңызды сала — білім беру және денсаулық сақтауда қамтитын 24 іс-шара көзделген. Ұлттық экономика министрінің мәлімдеуінше, оқушылар орнының тапшылығын жою және үш ауысымды мектептер проблемасын шешу мақсатында осы жылдың соңында өңірлерде мектептердің жері қамтамасыз басталады.

Денсаулық сақтау саласында медицина қызметкерінің сапасын арттыру үшін 2019 жылғы 1 қантардан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттаманы қағазсыз, цифрлық түрде жүргізуге көшеді. Биыл Астанада Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың құрылысы басталады. Ол қазіргі заман талабына жауап беретін құрылыстармен жабықталады.

Халықты сапасыз және денсаулыққа қауіпті тауарлар мен қызметтерден қорғау мақсатында Тауарлар мен қызметтер сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитеті құрылм.

Ұлттық экономика министрі Жалпыұлттық жоспардың барлық шаралары тұрғын үй жағдайларын

жақсартуға, еліміздің кез келген елді мекенінде жайлы өрі қауіпсіз өмір сүруге жағдай жасауға бағытталғанын атап өтті. Бұған қоса, тиімді аумақтық ұйымдастыру мақсатында Елімізді аумақтық-көрсеткіштік дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасы қабылданып, ол Еліміздің басқарылатын кенттенуінің жаңа картасына айналады. Сондай-ақ Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы нақты іс-шараларын, жобалары мен қаржыландыру көлемін көрсете отырып келесі жылы қабылданатын болады. Көлік инфрақұрылымын, коммуналдық және тұрғын үй құрылысын дамыту мақсатында «Нұрлы жол», «Нұрлы жер»

қарастыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Мемлекет басшысы жариялаған Жастар жылы аясында жастардың барлық санатын қолдау шараларын көздейтін іс-шаралар жоспары қабылданатын болады. Әскери-патриоттық тәрбиенің ролін күшейту үшін мектептерде «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігі құрылады.

«Жалпы алғанда Жалпыұлттық жоспарды уақытылы орындау Мемлекет басшысының халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған Жолдауда берген тапсырмаларын тиімді іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және еліміздегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге негіз

Жалпыұлттық жоспар мақұлданды



мемлекеттік бағдарламалары ұзартылады», деп түйінделі ұлттық экономика министрі.

Сонымен қатар соттардың жұмыс істеуінің заманауи форматын және озық электрондық сервистерді енгізу, артық сот рәсімдерін қысқарту арқылы сот жүйесі одан өрі жаңғырғанды.

«Азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат» атты төртінші міндет аясында 19 іс-шара көзделген. Бұл ретте мемлекет пен қоғам арасындағы алшақтықты қысқарту мақсатында мемлекеттік қасаттын нақты шаралары мен нәтижелерін адамдарға түсіндіруді көздейтін «Жаңа формацияның басшысы» бағдарламасы әзірленетін болады.

«Тиімді сыртқы саясат» бесінші міндеті аясында сыртқы саясатты қазіргі жағдайларға бейімдеу және ұлттық мүддені прагматизм қағидаттарында ілгерілету бойынша шаралар қабылданады.

«Әрбір қазақстандықтың еліміздегі өзгерістер үдерістеріне атсалысуы» алтыншы міндеттің шеңберінде 6 іс-шара көзделген. Т. Сүлейменовтің айтуынша, «Рухани жаңғыру» бағдарламасына жана мазмұн мен бағыттарды

болады», деп түйінделі ұлттық экономика министрі.

Жинды білім және ғылым министрі Е. Сағадиев білім беру жүйесінің өзекті мәселелері, Президенттің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауында мектепте, мектепке дейінгі және жоғары оқу орындарында білім беру сапасын арттыру туралы берген тапсырмаларын ведомство қалай шешуді жоспарлайтыны туралы баяндады.

Премьер-министр Б. Сағынтаев мектептегі, мектепке дейінгі және жоғары білім сапасын арттыру бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Отырыста мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау мәселесі талқыланды. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарының бірі — мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығы мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету шаралары жөнінде еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі М. Әбілқасымов, денсаулық сақтау министрі Е. Біртанов, білім және ғылым министрі Е. Сағадиев, инвестициялар және даму министрі Ж. Қасымбек баяндады.

► УАҚЫТ АҒЫМЫНДАҒЫ БІР СӘТ: БАС ҚАЛАНЫҢ КЕШЕГІСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІСІ



Ұғарғы суретте:

Қазіргі Астана қаласындағы сол жағалаудағы көрініс

Төменгі суретте:

Целиноград (қазіргі Астана) қаласындағы көшедегі көрініс 1984 жыл.



► Бес әлеуметтік бастама

Пәтерлер неліктен өтпей жатыр?

Алматы облысында «7-20-25» бағдарламасы аясында 4-ак пәтер берілген. Бұл жөнінде өңір басшысы Аманжол Баталов Жолдауды талқылауға арналған актив жиынында айтты.



— Облыста шамамен 42 мың адам тұрғын үй және 152 мың адам жер учаскелерін алу үшін кезекте тұр. «7-20-25» бағдарламасы басталды, алайда әлі күнге дейін сатып алушылардың толық пулы қалыптаспаған. Екінші деңгейлі банктер сомасы 849 млн теңгеге 73 өтінім ғана қабылдаған, оның 53-і мақұлданып, 4-ак пәтер берілген. Осыған байланысты әкімдерге

бағдарлама қалай жүзеге асып жатқаны жөнінде апта сайын мәлімет беріп отыруды тапсырамын, — деді облыс әкімі.

Баспана мәселесін шешу үшін өңір басшысы «Нұрлы

жер» бағдарламасы шеңберінде жалдамалы және несиелі тұрғын үй көлемін айтулық қажеттігін айтты, жауапты органдарға нақты міндеттер жүктелді.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

АНАТОЛИЙ ШКАРУПА

+ ҚР энергетика вице-министрі лауазымына тағайындалды

СТАНИСЛАВ КАНКУРОВ

+ «Нұр Отан» партиясы Алматы филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалды

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

► ЖАҢҒЫРТУ 3.0: ТАБЫС ПЕН ТҮРМЫС САПАСЫ



Елбасы жолдауының негізі неде?

> [1]

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық заңнамасының бұзылуы жөніндегі қылмыстық жауапкершіліктің қолданылу шегін, айыппұлды өсіре отырып, 50 мың айлық есептік көрсеткішке дейін арттыруды тапсырамын. Мұны неге айтып отырмын – бүгінде басшылар құжатқа қол қойудан қорқалды – бірден болса жағаларына жармасалды. Осылайша әредерін ұшырады. Түсінесіздер ме?! Ұлттық қауіпсіздік комитетіне мұндай шенеуніктерді ұстауды және тікелей қылмыстық істер қозғауды

рып, шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясын» жүргізуге кірісуді тапсырамын, – деп сабақтады пікірін өз Жолдауында Президент. Зал тағы да дүркірете қол шапалақтады. – Сіздердің қол шапалақтауларыңыз жақсы-ау, бірақ біз ойлағандай бәрі жайлы еместігі қынжылталы. Біріншіден, бизнес бар салықтарын адал төлеп отыратын, бірақ ертең олар айтпайды ғой: мыналардың салықтарын шығарып тастадыңдар, ал менікің не шығармайсыз? Яғни әңгіме өсімшүл мен айыппұл жайында болып отыр, өрине, егер ол мемлекетке негізгі салығын төлеп қойған болса.

мерзімге қаржы бөледі тапсырамын, – деді ол.

БІЛІМ БЕРУ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУҒА ШЫҒЫСТАРДЫ ҰЛҒАЙТУ

Президент сонымен қатар бюджеттің шығыстарын қайта бағдарлауға тапсырма берді. «Әлеуметтік қауіпсіздік пен инфрақұрылым» басым бағытты салауар болуы тиіс.

– Бес жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет. Бұл өте маңызды! Біз құрамына кіруді көздеген Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ОЭСР) елдерінде осылай. Қаржыландыруды халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыру үшін бағыттау керек. Қазір айтқанымыз – 10 пайыз, ал қайда? Үкімет айқындауы тиіс: әрбір салаға – білім беруге, денсаулық сақтауға, қайда бағыттан дұрыс, – деп тапсырды Мемлекет басшысы.

ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚОРЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Ірі әрі серпінді жобаларды жүзеге асыру үшін Президент «шетелдік инвесторлармен бірлесіп инвестиция салу қандағы бойынша жұмыс істейтін Шикізаттық емес секторға бөлінетін тікелей инвестиция қорын құру мәселесін қарастыруды және бұған 300 миллиард теңгеге дейін бөледі» тапсырды.

– Қайдан алуға болатын көздерді – біз бірлесіп шешеміз, міне, сосын бірлесіп инвестициялауға трансұлттық компаниялар келе бастайды. Біз, яғни Үкімет, ақшаның бір бөлігін салады, сонда олар ризашылықпен басқа бөлігін толықтыруға келеді, – деп атап көрсетті ол.

ТҮРГЫН ҮЙ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Президент қолжетімді тұрғын үй сапасын арттыруды тапсырды. Ол таңырқағанын жазырмалары – «7-20-25» бағдарламасын нәтижелі бәсеңді жүзеге асырмалы отыр?

– Бұл жақсы бағдарлама ғой, егер отбасында екі адам жұмыс істесе, осы ипотекана алуға болады, бұл оны төлеуде және кредит бойынша тәуелді алуға да мүмкіндік беріп отыр. Бар-жоғы 7 пайыздық мөлшерлемесі, қалғанын мемлекет өз мойнына алады. Бұрын бастапқы төлем (жарна) тұрғын үй құнының 50 пайызы болды, қазір 20 пайыз. Бұрын 10 жылда қайтару керек еді, енді – 25 жыл-

да. Яғни шындығын айтқанда, салыстырсақ тіпті түк емес. Бірақ бұл қалай жүзеге асады? Міне, осы маңызды. Жергілікті жерлерде бұл (бағдарлама) әлі іске қосылмаған. Олар: президент айтқан – енді сол қайда деп сұрайды. Қазір қанша өтініш бар, кім біледі? – деп сұрады Елбасы залға қарап.

Сосын 2 мың өтініш қана мақұданғанын естіп, таңқалды:

– Тек 2 мыңы ғана мақұданған ба? Тілек білдірушілер жоқ па немесе талаптар осындай ма? (...) Әлде банктер таба алмауда ма? Қанеки анықтайық. Бағдарлама жарияланды, банктерге не қажет? Ақша ма – шешіп бердім, 7%, қалғанын мемлекет өзіне алды, 20 пайызын таба алмай ма олар? – деп таңырқайды Президент, тағы былай деп сұрады: – Жас үйленгендер үшін бір бөлмелі пәтер қанша тұрады? Арзандатылғаны? Асқар (Мамин), шамамен қанша? 50 шаршы метрі? (...) Жеті миллион. 7 миллионның 20 пайызы – 1,4 миллионды адамдар төлей алады ғой? Және бұл 25 жылға. Жұмыс істемейміз. Үкімет жұмыс істемейді, Бақытжан (Сағынтаев), Әкімдер жұмыс істемейді. Барлық әкімдерге айтып отырмын – сендерге тағы не керек? Адамдарға жақсылық жасау үшін не қажет?

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ

Президент шенеуніктердің бюджеттік қаражатқа қатынастарына риза емес.

– Мен қарап отырып таң қалам, кейбіреулер бюджетті түпсіз бөшкедей көреді, одан ала беруге, ала беруге, ала беруге болады да, бірақ өздерінен ештеңе талап етілмейді. Маңызды емес, сосын оны жаратасын ба әлде жоқ па. Аяғында (жылдың) игерілмеген ақшалар – миллиардтап қалады. Қарашада оларды жұмсай бастайды, әйтеуір жұмсама болды, келесі жылға қор зор болуы үшін, өйткені ертең көбірек алады, – деп реніш білдірді Елбасы.

Мемлекет басшысы «осынау сындарды шақта әрбір бөлінген теңгеден неғұрлым көп қайтарым болуына тырысу қажеттігі» атап көрсетті.

СӨЗДІН ҚҰНЫ ХАҚЫНДА

– Менің бүгінгі айтқан сөздерімнің құны – 1,5 триллион теңге. Ал барлығын есептегенде бұдан да көп болады, – деп қорықты өз тапсырмаларын Елбасы.

Айта кетерек, Мемлекет басшысының бұл Жолдауы төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында қазақстандықтардың алдауының өсуі, табыс пен тұрмыс сапасын арттыру мүмкіндіктеріне арналды.

ЭЛЕМДІК АҚПАРАТ



Барреліне 70 доллар өндірушілерге тиімді

Қазақстанның энергетика министрі Қанат Бозымбаев мұнайдың бұдан әрі де қымбаттайтыны туралы пікірімен бөлісті, деп хабарлайды EurAsia Daily (EADaily) ақпараттық агенттігі сайтынан.



«Бірнеше күн бұрын (2 қазан – ред.) мұнай ең жоғары бағаға жетті. 2014 жылдан бері мұндай баға болған жоқ. Бұл 2016 жылдан бастап ОПЕК елдері мен ОПЕК-ке мүше емес елдердің нарықта тұндыраған теңсіздікті реттеу мақсатымен бірігуі нәтижесінде болды», – деп түсіндіреді ол.

Мұнай құнының өсуіне өсер еткен екінші фактор, министрінің пікірінше, ықпалшаралардан туындайтын саяси тәуекел. «Егер де тәуекелдердің алпауыт державалар мұнай өндіретін елдерге тигізіп отырған түрліше ықпалшараларын есепке алар болсақ, мұнайдың бағасы арта түсетін ықпалды біржақты бағытты аңғартады. Болжам оснндай. 100 доллар болады немесе деп айту – бұл ашумен бірдей, бірақ 70 доллар – іс жүзінде мұнай өндіруші елдердің барлығына да қолайлы баға», – деп атап көрсетті энергетика министрі.



Henley & Partners рейтингінде төмен сырғыдық

Қазақстан Henley & Partners компаниясының төлқұжаттар индексінде 66-шы орыннан 69-шы орынға төмендеді, бірақ та бұл басқа елдердің қозғалысы есебінен болған, деп хабарлайды ресейлік «Интерфакс» агенттігі өйгілі холдингінің баспасөз хабарламасына сілтеме жасап.

«Қазақстанның азаматтары визасыз, бұған дейінгідей, еліміз үшін рекордтық көрсеткіш – 76 елге бара алады. Нақ оснндай көрсеткіш Намибия құжаттарында да белгілеген. 2018 жылдың басында Қазақстан азаматтарына 71 елге визасыз шығуға мүмкіндік ашылды», – деп хабарлады Henley & Partners компаниясының рейтинг құрастырушылары.

2018 жылдың IV тоқсанына құжаттар индексі арасындағы ең оңтайлысы Жапония құжаты деп танылған. Жапондық азаматтар визасыз әлемнің 190 еліне бара алады екен.



Туризмнен қанша пайда таптық?

Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) түрлі елдердің туризмнен 2017 жылы қанша пайда тапқанын есебін жариялаған.



Саяхатшыларға қызметтен бөрінен де көп пайда тапқан АҚШ, мұнда туристер 221 млрд доллар қалдырған. Олардан кейін қоридиа мен сиеста елі – Испания (\$68 млрд) мен оның солтүстік көршісі Франция (\$61 млрд), деп хабарлайды How Much агенттігі ДСҰ-ға сілтеме жасап.

Үздік ондықты Германия (\$40 млрд), Макао (\$36 млрд) және Жапония (\$34 млрд) қорытындылады.

Қазақстанда туристер 2 млрд доллар жұмсаған екен. Бұған 2017-жылғы жаз айларындағы басты оқиға – «жасыл» технологиялар мен экологиялық-дәстастық энергетикасына арналған «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі әжептәуір мүмкіндік берген.

Бақыт РАХМЕТҮЛЛИН



тапсырамын, – деді Н.Назарбаев залдың ду қол шапалақтауымен бірге. – Кім оған мұндай мүмкіндік беріпті? Сондықтан да, негізгі міндеті көлеңкелі экономикамен күрес болуға тиіс Қаржы мониторингі комитетіне функцияларын бере отырып, Экономикалық тергеу қызметін қайта құру қажет. Біз «қолма-қол ақшасыз экономикаға» бет бұруымыз керек. Мұнда жазалаушы ғана емес, сондай-ақ бизнестің қолма-қол ақшасыз есеп айырысуын қолдау сияқты ынтылан-дырушы құралдарға да сүйенген жөн. Үкімет үш жыл ішінде экономикаға көлеңкелі айналымды кем дегенде 40 пайызға қысқарту үшін нақты шаралар қабылдауға тиіс.

Міне, Елбасы Жолдауында атап көрсетілгендей, тиісті құзырлы органдардың бекем бел байлап кірісуі тиіс міндеттердің бірі де бірегейі «көлеңкелі айналыммен» күрес болып отыр. Олай болатын жөнде де бар, тек сонғы айлардың өзінде жемқорлықпен ұсталған шенеуніктерді есепке алар болсақ, алдағы кезде мұндай ашық айыптауларға әлі де куә болармыз даусыз.

Бизнестің өз жұмысын жаңадан бастау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, өсім мен айыппұлды алып тастай оты-

БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ ЖАЙЛЫ

Президент сондай-ақ «Бизнестің жол қартасы – 2020» бағдарламасын тағы бес жылға ұзартуды тапсырды.

– Өңірлерге жұмыс сапарын барысында мұның тиімділігіне көз жеткіздім. Бағдарламамыз қолданылу мерзімін 2025 жылға дейін ұзарту керек. Осы жылдан бастап жүзеге асыру үшін жыл сайын қосымша кемінде 30 миллиард теңге бөледі қарастыру қажет, – деді ол.

Шындығында да, бизнестің қарқынды дамуына бұл жаңды ықпалын тигізбек. Мәселен, оснндай серпінді қаламдар негізінде 3 жыл ішінде еліміз бойынша қосымша кемінде 22 мың жаңа жұмыс орынын ашуға, 224 миллиард теңге салық түсіруге және 3 триллион теңгенің өнімін өндіруге мүмкіндік туындайды екен.

Сондай-ақ қайта өңдеуші өнеркәсіпті қолдауға үш жыл кезең аралығында 500 млрд теңгеге дейін қаражат аудару тапсырылған.

Президент Ұлттық банкке коммерциялық банктердің өтімділігін қамтамасыз етуді тапсырды.

Басымдығы бар жобаларға қолжетпейді несе беру міндетін шешу үшін Ұлттық банкке кемінде 600 миллиард теңге көлемінде ұзақ

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

ІШКІ ВАЛЮТА
НАРЫҒЫНДАҒЫ АХУАЛ

Қыркүйекте ішкі валюта нарығында ұлттық валютаның асқыруына әкелген тегерінісідіктер елауір күшейді.

Елімізге ішінара ғана тікелей қатысты әлемдік нарықтардағы жағымсыз жаңалықтар ішкі валюта нарығына қатысушылардың және олардың клиенттерінің барынша ден қоюына әкелді. Нәтижесінде шетел валютасына ұсыныстың төмендеуі аясында сұраныстың ұлғаюы байқалды. Бұл ретте әлемдік тауар және қаржы нарықтарындағы ахуал түрлі бағытта қалыптасты. Мұнай нарығы бағанын өсуімен сипатталды, ол 2014 жылғы желтоқсаннан бастап ең көп мөнге жетті. Қаржы нарықтары сауда қатынастарының күшеюі және әлемнің аса ірі экономикалары арасындағы шилеленістің өсуі арқылы дамыды. АҚШ-тың санкциялық және протекционистік саясаты, сондай-ақ Федералдық резервтік жүйенің мөлшерлемеерді арттыруы тібегінің жалғасуы дамыған нарықтардың пайдалану капитал ағындары бағытының өзгеруіне себепші болды. Геосаяси оқиғалардың аясында Ресей рублінің өлеуі қыркүйектің басында ішкі валюта нарығына жағымсыз әсер еткен маңызды сыртқы фактор болды. Девальвациялық күтулердің күшеюін болдырмау үшін және ішкі валюта нарығын тұрақтандыру мақсатында Ұлттық банк 2017 жылғы қазанда бастап алғаш рет валюталық өтімдік жүргізу туралы шешім қабылдады. Мәселен, 3-7 қыркүйек аралығындағы кезеңде шетел валютасына ұсыныс болмаған жағдайда Ұлттық банк 320,6 млн АҚШ долларын сатты. Сол күндері Ұлттық банктің қатысуы үлесі валюта биржасындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінен 80%-ға жуық болғанымен, тұтастай алғанда бір ай ішіндегі үлесі 13,6%-ды құрады. Ұлттық банк айырбастау бағамының құбылмалылығы жағдайында шетел валютасына объективті қажеттілік болмаған кезде халыққа және ұйымдарға активтерді бір валютадан екіншісіне ауударуға асықпауды ұсынады. Баға белгілеудің үдемелі шегінде валютаны сатып алу жинақ ақшаны жоғалту төгексізін ұлғайтады.

▶ FITCH RATINGS

«ТҰРАҚТЫ» ДЕГЕН
БОЛЖАММЕН РАСТАДЫ

Fitch «Қазақстан ипотекалық компаниясының рейтингін «BBB-» деңгейінде «Тұрақты» деген болжаммен растады.

5 қазанда Fitch Ratings Қазақстан ипотекалық компаниясының әміттегі дефолттың өзек мерзімі рейтингін («ЭДР») шетел және ұлттық валютасында «BBB-» деңгейінде «Тұрақты» деген болжаммен растады. Шетел валютасында қысқа мерзімді ЭДР «F3» деңгейінде деп расталды. Ұзақ мерзімді рейтинг бойынша болжамы – «Тұрақты». Сондай-ақ Fitch компанияның айналымдағы басым борыштық міндет-мөлшерлерін ұзақ мерзімді рейтингін «BBB-» деңгейінде деп растады.

Мемлекеттен байланысты компаниялардың рейтингілеу әдістемесіне сәйкес Fitch Қазақстан ипотекалық компаниясының түпкілікті иегері болып табылатын Қазақстан Республикасының (BBB/болжам «Тұрақты»/«F2») қабілеттілігі мен дайындығын компанияға жоғары қолдау көрсетеді деп бағалады. Компанияға республика үкіметі тарапынан қолдау көрсету үшін агенттік өзінің байланыс және ынталандыру дәрежесін бағалауын негізге ала отырып, компанияның рейтингтері мен Қазақстан рейтингтері арасындағы бір деңгейдегі айырмашылықты тудыраған «жоғарыдан төмен» тәсілін қолданды.

▶ БҰҰ: ЭКОЛОГИЯ

ИНВЕСТИЦИЯЛАР
ӨСУІН ҒЫТАЛАНДЫРАДЫ

БҰҰ-ның даму бағдарламасы және ВТБ банкі (Қазақстан) ел экологиясын жақсартуға бағытталған жобаларды қаржыландырады.

ВТБ банкі (Қазақстан) Біріккен ұлттар ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰ ДБ-ҒЭК) Инвестициялар және даму министрлігімен бірлесіп жүзеге асырылатын «Қазақстандағы төмен көміртек дамуына арналған тұрақты қалалар» жобасының қатысушысы атанды. Жоба қала инфрақұрылымын қуат тиімділігіне инвестициялардың өсуін ынталандырауға арналған. «Экологияны қорғау – бұл ғаламшардың өз балаларына бақытты және салауатты болашақ тілейтін әр азаматының парызы. ВТБ тобы өз қызметінің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салдары үшін жауапкершілік қабылдайды және қоғамның тұрақты дамуына ықпал етуге ұмтылады. Қазақстандағы еншілес банкі де маңызды әлеуметтік бастамаларды қолдайды, – деп атап өтті ВТБ банкі (Қазақстан) басқарма төрағасы Дмитрий Забелю. – Бұл жоба бойынша субсидиялау және кепілдендіру түрінде қаржыландыру әдеттегі кредиттеуге қарағанда өте тиімді болмақ. Жоба талаптары бойынша, қаражат алуға тапсырысты нысан иелері немесе қала инфрақұрылымы қуат тиімділігінің дамуына қаржы салуды жоспарлаған сервистік-энергетикалық компаниялар бере алатыны сөзсіз».

Жоба аясында субсидиялау мен қаржыландыруды, мысалы, көпқабатты үйлерде қазандық жабдықтарын және жылыту жүйесін жанару немесе ішкі-сыртқы жарықтандыруды ауыстыру және т.б. үшін пайдалануға болады. Жоба талаптары бойынша кредиттеудің жоғары шегі 130,8 млн теңгенден аспауы, ал сыйық мөлшерлемесі 19%-дан артық болмауы тиіс.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ИПОТЕКА: НҰРЛЫ ЖЕР

Әлеуметтің әлеуетін
арттыруға бағытталған жоба

> [11]

Ақтау қаласында бағдарламаның аталған бағыты жүзеге асырыла бастағаннан бергі кезеңде жалпы ауданы 56 664,9 шаршы метрді құрайтын жалға берілетін тұрғын үйдің 986 пәтері пайдалануға берілді. Ал, республика бойынша бұл көрсеткіш әлдеқайда көп, бүгінде 17 694 пәтер немесе бір миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

Қазақстан ипотекалық компаниясы Ақтаудың 55 жылдығына арналған мерекелік шара аясында келесі кезеңді жүзеге асыру үшін тұрғын үй кезегінде тұрған қала тұрғындарына 478 баспана, оның ішінде бір бөлмелі 161, екі бөлмелі 237 және үш бөлмелі 80 пәтердің кілтін берді. Қажетті коммуникациялар жүргізіліп, газ плитасы және сантехника орнатылған жаңа пәтерлердің барлығы дерлік қоныс иелерінің бірден көшіп келіп, тұруына толығымен дайын.

Баспана кілті тапсыруға арналған салтанатты рәсімде халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудегі «Нұрлы жер» бағдарламасының маңызына тоқтала келіп, Манғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов:

– «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша елімізде 1,5 миллионға жуық қолжетімді тұрғын үй салу жоспарланған. Сонымен бірге салынатын ғимараттардың сапасына, экологиялық тазалығына және энергиялық тиімділігіне жоғары талап қойылуы. Осыған орай үкіметке, жергілікті атқарушы билік органдарына халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету ісін жедел өрі тиімді жүргізу бойынша үлкен міндет, салмақты жауапкершілік



жүктелді. Бүкіл еліміздегі сияқты, қазір бұл бағыттағы нақты жұмыстар Ақтау қаласында да іске асырылып жатыр. Ақтау қаласындағы жаңа шағын аудандарды игеру, барлық инфрақұрылымды жаңадан үйлер тұрғызу – мұның барлығы да түптеп келгенде әлеуметтің өлеуетін арттыруға бағытталған жоспарлы жұмыстардың нәтижесі, – деп атап өтті.

«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИУ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Руслан Көкім өз сөзінде атап өткендей, компания үшін қазақстандықтардың, бірінші кезекте, халықтың ең осал топта-

ры – көп балалы және толық емес отбасыларының, мүмкіндіктері шектеулі жандардың, ата-ана қамқорлығынсыз қалғандардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру басым мақсат. «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы – Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан біздің ортақ ісіміз. Бұл ретте жүктелген міндет жауапты және бүгінгі күнде қол жеткен жоғары нәтижелер ортақ мақсат жолында жұдырықтай жұмылған берекелі бірліктің дәлелі бола алады.

Жаңа баспанана ие болғандардың бірі, «Көп балалы отбасы»

санаты бойынша бағдарламанаға қатысушы Шырын Ержанова: «Көптеген жылдар бойы біз шағын жалдамалы үйде тұрдық. Енді біздің өзімізді үлкен 3 бөлмелі пәтеріміз болатынына қаныштықты қуанышты екенімізді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Біз осы бағдарламаны жүзеге асыруға тартылғандардың барлығына және қарапайым адамдарға қамқорлық көрсеткені үшін біздің Президентімізге алғыс айтамыз!» – деп өз отбасының қуанышымен бөлісіп, бағдарламаны аясында баспаналы болған қаланы көпшіліктің ой-тілегін жеткізді.

▶ АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫ

Ауыл арзан
өнімдерімен қуантуда

Соңғы кездері Орал қаласының тұрғындарын арзан азық-түлік өнімдерімен қамтитын жәрменкелер жиі ұйымдастырылады. Мұның өзі «Көңілдегі бағаны базар нарқы бұзады» деген тәмісді жоққа шығару үшін, яғни нарықтағы азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатын көздейді.

ТҮЛБАРШЫН ӘЖІПЕРЕЕВА

Себебі сайын өзіне керектісін алып, келесі жәрменкеге тағатсыздана тосатын кейбір тұрғындар көктемгі, күзгі жәрменкеде деп тақылдап, ондағы бағалары сараптайтын болып алды. Биылғы күзгі жәрменке бұрынғыдан сол ертелеу – сарша тамыздың 11-інде басталды. Басында жәрменке сенбі, жексенбі күндері өтеді делінді. Алайда науқандық шаруалар күйіп тұрған уақытта ауыл-аудандан келетін тауар өндірушілер бар шаруасын сырып тастап, алыстан ат арытып Оралаға келу мүмкін болмаған сынайды. Оның есесіне қала өкімдігінің ұйықты болуымен Заһаран кенті округіндегі «Жәңгір хан» сауда үйінде әр аптаның жексенбісінде жәрменке өтуде. Ауылдағы мал-сақ ағайын күз айынан бастап қызылсыраған шаһар халқының етке деген «жерігі» басты. Жалпы, ауыл жұрты қалалықтарды арзан өнімдерімен қуантуда десек, қателеспейміз. Өткен жексенбідегі жәрменкеде Қазталов ауданының «Жәнібек», «Райымбек» шаруа қожалықтары ежелден сирәт етіп сәтте өтіп кетті. Сондай-ақ Зеленов ауданының Макаров, Мичурин аудылық округінің кәсіпкерлері де жәрменкеге белсенді қатысып жүр. – Жәрменкеге барлық аудандан



мен қала маңындағы шаруашылықтар белсене қатысып келеді. Әсіресе, Зеленов, Теректі аудандарының шаруалары әр сенбі сайын тұрақты қатысып, көкөніс, бақша дәмділерін арзан бағаммен саудаға шығарады. Ал өзге аудандар арнайы жасалған кестеге сай қатысып жүр. Осы аптаның сенбісінде Бөкей ордасы, Жәнібек аудандарынан тауар өндірушілер қатысып,

өздері өндірген өнімдерін халыққа ұсынбақ. Сонымен қатар өсімдік шаруашылығы жақсы дамыған Теректі, Зеленов аудандарының да өкілдері болады, – делі Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Самал Ескаліева.

Жалпы күзгі жәрменке қыркүйек айында аяқталуда дегенмен, маңдай терін тамшылатп,

жаз бойы дамып таппайтын дикан мен баған қауымы еңбегінің жемісін көретін молшылық айы – қазанда жәрменке өткізбеу ақылға қонымсыз. «Екінші нан» аталып кеткен картон та осы кезде жиналады. Сондықтан қала өкімдігі ауа райының «қабағына» қарай жәрменке өткізуді жан-жақты ойластырады.

– Өткен жәрменкелерде бақша өнімдеріне, етке сұраныс көп болды. Өйткені баға базар нарқынан 15-20 теңгеге төмен. Жәрменкеде сирәт еті 1300 теңгенден, жылқы еті 1400 теңгенден, қой еті 1200 теңгенден, қарпоз 60-70 теңгенден, бір қабы көтерме бағаммен 55 теңгенден, піяз 80-100 теңгенден, ал көтерме бағаммен 55 теңгенден ұсынылып жүр. Еттің бағасы тұрақты бақылауда, бір қалыпта болады, – делі Самал Ескаліева.

Оның айтуынша, Оралдағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеушілер де аралық жәрменкеге келіп, бөрі көрсетуде. «Белес Агро» ЖШС өзінің астығын, күнбағыс майын, «Желаев нан өнімдері компаниясы» АҚ астығымен, мақарон өнімдерімен, «Орал құм фабрикасы» ЖШС тауық жұмыртқасымен базаршыларды қуанып қояды. Аталмыш фабрика жұмыртқаны 16, 17 теңгенде сатады. Қаладағы сауда орталықтарында жұмыртқа бағасы ұшып тұрғандықтан, жұмыртқаға кезекке тұрушылар қаржы илгі да қалып болады. Осыны ескерген қала өкімдігі фабрика басшылығына өнімді бір емес, екі орыннан саудуы ұсынып отыр.

Жалпы тамызда басталып, жалғасын тауып отырған жәрменке бағарында 233,6 тонна көкөніс, 28 сирәт, 9 жылқы, 6 қой еті, 84 600 дана жұмыртқа сатылған.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

▶ БАТЫС ЕУРОПА – БАТЫС ҚЫТАЙ

Әлемдік әріптестікке бастар жол

Елшілер Қорғастағы хаб жұмысымен танысты

> [1]

Олардың қатарында Еуропа, Азия, Тау Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік Америка, африкалық континент елшілері мен дипломатия өкілдері, сондай-ақ Дүниежүзілік банк, ЭСКАТО, ЕКЫҰ сияқты бірқатар халықаралық және аймақтық ұйымдар өкілдерінің басшылары бар. Іс-шараны ұйымдастыруға еліміздің Сыртқы істер министрлігі, Алматы облысының әкімі, сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы ұйытқы болды.

«Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыру Қытайдың Шығыс жағалауы – Ляньюньган портынан Қазақстан мен Қытай шекарасындағы құрғақ порттың теміржол және автокөлік жолдары жүзесі арқылы Каспий теінінен Еуропаға апаратын онтайлы логистикалық тізбекке қамтамасыз етті. Сыртқы істер ведомствосының басшысы Кайрат Әбдірахманов шетелдік дипломаттардың алдында сөйлеген сөзінде Транкаспий халықаралық дәліздің контейнерлік мульти-модальдық бағыттарын байланыстыратын логистикалық тізбек Орталық Азия, Қытай, Кавказ, Түркия және Еуропа елдерін серіктестері үшін аса тартымды болып табылатынын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразияның аса маңызды көліктік-логистикалық хабына айналдыру бойынша үлкен міндет қойды. Осы мақсатта біз Солтүстік-Оңтүстік, Шығыс-Батыс, Батыс Еуропа-Батыс Қытай дәліздерінің топшынады жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, «Нұрлы жол» аясындағы жана экономикалық саясатты қытайлық «Бір белдеу – бір жол» бастамасымен үйлестірді, сондай-ақ



Қазақстан өңірлерін Қытай-Иран континентаралық магистральдарымен және Кавказ бен Ресей арқылы өтетін дәлізмен байланыстыру көзделіміз, – делі министр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ел Үкіметі 2020 жыл транзиттік тасымалдан түсетін жыл сайынғы табысты 5 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайтуды, контейнерлік тасымалды 2 миллион ЖФМ-ге, (жырма футтық мөлшер – жүк тасымалы құралдарының сыйымдылығы өлшемінің шарты бірілігі) жеткізуді, әуе қатынасы арқылы жолаушылар тасымалын 4 есеге ұлғайтуды және транзиттік жолаушылар ағынын 1,6 миллионға жеткізуді жоспарлады. Өткен жылы Қазақстан арқылы өтетін жүк тасымалы 17%-ке өскен. Сәтті жүзеге асырылған «Корғас» ШЫХО үгісінде енді қарсаң-өзбек шекарасына да осы іпеттес ШЫХО құру мәселесі қарастырылуда. Жалпы, соңғы 10 жылда Қазақстан көліктік-

логистикалық инфрақұрылымы 30 миллиардаға жуық АҚШ долларын инвестициялады.

Қорғастағы трансшекаралық серіктестікті дамыту Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының негізгі жобаларының бірі болып табылады. ШЫХО өз аумағында екі ел азаматтарының іскерлік кездесулерге қатысуына, Қазақстанда, Қытайда және ТМД елдерінде өндірілетін өнеркәсіптік өнімдермен танысуына, сауда-саттық келісімдерін жасауына, сондай-ақ демалуы мен еркін жүріп-тұруына жағдай жасайды. Бүгінде ірі сауда-экономикалық, туристік әріптестік кешенінде 20 инвестициялық компания жалпы құны 400 млрд теңгеден асатын сауда үйлері мен ойын-сауым нысандарының құрылысын жүргізуде. Сәйкесінше, ШЫХО аумағында құрылған Арнайы экономикалық аймақ орталықтары қаншалықты бөлігін ері қарай дамытып, отандық кәсіпкерлерге қытайлықтармен бірдей жағдайды

қамтамасыз етеді. Ал жанадан бой көтеріп жатқан Нұркент қаласында 2030 жылға дейінгі жобалық кезеңде тұрғындар саны 100 мыңға жетуі қажет. Ол үшін жана өндіріс орындарын жұмыс күшімен толықтыру негізгі басымдыққа ие.

Қазіргі күні АЭА аумағында инвесторлар 1,7 млрд АҚШ доллары сомасындағы жобаларды жүзеге асырады. АЭА индустриалдық және логистикалық инфрақұрылымына инвестицияның артуына Құрғақ порт капиталына Cosco Shipping ірі әлемдік теңіз операторы қосымша серіпін берді. 4951,5 гектарды құрайтын АЭА аумағы логистикалық, индустриалдық аймақтарды және «құрғақ порт» көліктік-логистикалық кешенін қамтиды. Құрлықтағы порт АЭА-ның түрі бұны әрі Алтынкөл станциясымен байланысты қамтамасыз етеді. Қытай мен Оңтүстік Шығыс Азиядан ТМД, Еуропа, Парсы шығанағы елдеріне бағытталған маңызды бағдарлар қиылысында орналасқан «Корғас» АЭА еліміздің әлемдік көлік және сауда жүйесімен араласуын жүзеге асырады. Жетіген Корғас, Жезқазған-Бейнеу теміржолдары, Батыс Еуропа-Батыс Қытай автомобиль дәліздері, Ақтау портымен технологиялық қатынаста бола отырып, «Корғас-Шығыс қақпасы» АЭА Жана Жібек жолындағы жүк ағынын біріктіру және дистрибуциялау орталығы саналады. Бүгінде 17 қытай провинциясы, Вьетнам және Оңтүстік Кореямен ынтымақтастықта 200 мыңнан астам контейнер тасымалданады. Жалпы алғанда, Қазақстанның транзиттік әлеуеті Еуразия нарықтары бағытында 2020 жылға дейін 2 миллион ЖФМ көлемінде болады деп бағаланады.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНК ҚАРЖЫ БӨЛІМГЕ ДАЙЫН

Дүниежүзілік банк өкілдерінің қатысуымен үкіметте өткен өңгелек үстел барысында етті мал шаруашылығын дамыту мәселелері талқыланды.

Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы тұрақты өкілі Ато Браун жеке сектор бойынша бытырғы жылдың қорытынды диагностикалық шолуын талқылауға ұсынды. Ол дәстүрлі мал шаруашылығы салаларын дамыту маңыздылығын атап өтті. Өйткені Ресей мен Қытайда үлкен еті тұтыну нарығы, еркін жиылым ресурстары мен адам әлеуеті бар.

Сарапшылар ет секторын дамыту және сарапшылық әлеуетті арттыру үшін мал шаруашылығы өнімдерін қадағалау жүйесін құру тәжірибелерімен бөлісті. Атап айтқанда, Дүниежүзілік банктің қолдауымен мұндай жүйе Уругвай және Бразилияда құрылған. Дөңгелек үстел барысында Уругвайдың бұрынғы ауыл шаруашылығы министрі, ауыл шаруашылығы дүниежүзілік банкінің жетекші кеңесшісі Табар Агуэрра етті бағыттағы ірі қара мал секторын дамыту жөніндегі өлі-пікірін ортаға салды. Қазіргі күні Уругвай сыыр етіні экспорттауда әлемдік нарықтың 10% ілігін қамтып отыр.

Дүниежүзілік банк сарапшылары Қазақстан Үкіметінің етті мал шаруашылығын дамыту бағытындағы жұмысын, сондай-ақ шаруа қожалықтарын дамытуға қорсетіліп отырған мемлекеттік қолдауды жоғары бағалады.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша Дүниежүзілік банк өкілдері Қазақстандағы ауыл шаруашылығын дамыту ісіне қаржы бөлуге дайын екендігін жеткізді.

▶ ҚЫС – ҚЫР АСТЫНДА

АҚТӨБЕДЕ ДАЙЫНДЫҚ ОЙДАҒЫДАЙ

Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың төрағалығымен өткен жылда жылжыту маусымына дайындық мәселелері қаралды.

Алдағы қыс маусымына дайындықтың барысы туралы байанданған облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Дастан Аманов был облыс бойынша 586 қазандық, 238,9 шақырымдық жылу желілері, 482,3 шақырымдық сумен жабдықтау және су тарту, 272,9 шақырымдық электрмен жабдықтау желілері, 1 590 әлеуметтік нысан және екі жарым мыңнан аса көпөптерлі тұрғын үйлер жөндеуінен атап өтті.

– Отын қорына келер болсақ, барлық әлеуметтік нысандардың автономды қазандықтары көмірмен толықтай қамтамасыз етілді. Облыс халқының көмірге деген қажеттілігі 40 880 тоннаны құрайды. Бүгінде қажетті отын қорының үштен бірісі кезінде жеткізілді, – делі Дастан Аманов.

Жылда өңіргегі коммуналдық кәсіпорындардың басшылары мен аудан әкімдері де бейне-байланыс арқылы қысқа дайын екендерін жеткізді. Облыс басшысы көмір жеткізуді барынша жылдамдатып, қатты отынның кем дегені айлық қорын қамтамасыз етуді тапсырды.

– 15 қазанға қарай барлық нысандар мен қызмет көрсету орындары жылу беруге толықтай дайын болулары керек. Сондай-ақ осында отырған монополист компаниялардың өкілдеріне айтарым: Елбасының тапсырмасы бар – өздерінің инвестициялық міндеттерін тарифке қосып қана қалмай сұраныс қатты болады. Өз міндеттеріңізге алындыра ма – тұтынушыларға ысырмай, өздеріңіз орындаңыз, – деп ескертті Бердібек Сапарбаев.

Жылдың барысында атап өтілгендей, жалпы Ақтөбе облысында жылжыту маусымына дайындық жұмыстары тәртіпке сай жүргізілуде.

▶ ӨНІРЛІК ДАМУ

ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРҒА АУЫЗ СУ ЖЕТТІ

Қостанай облысында аластағы ауылдарға ауыз су құрылыстары орнатылды.

Облыс орталығының шалғай орналасқан Амангелді ауданында мемлекеттік бағдарламалардың жемісті жүзеге асырылуы нәтижесінде Амангелді және Жалмада ауылдарына орталықтандырылған ауыз су құбыры ашылды.

Елді мекендері аралық ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы аясында жүзеге асырылған жобала 480 мн теңге көлемінде қаражат жұмсалды. Жұмысты Арқалық қаласындағы «Алломинстрой» ЖШС жүзеге асырды. Құрылыс-монтаж жұмыстарына республикалық бюджеттен 432 млн 714 мың теңге, облыстық бюджеттен 48 млн 79 мың теңге қаражат бөлінді.

Амангелді ауылдық округінің әкімі Жұманнұз Қлиеваның айтуынша, ескі құбыр кезінде тұрғындар қоныс бір-бір жарым сағат қана су алатын, енді әрбір үйге тәулік бойы мөлдір су келіп тұр. «Ауыз судан сапасына баспа мен берілді. Құрылыстар автоматтандырылған. Су өткізгіштер де бүгінгі күннің талаптарына жауап береді. Су сорғыш құрылысның ұзындығы 1,6 шақырым. Су бар, жоқ салдыны. Осы жаңалықтарды естіп, ауылмызға көшіп келушілердің қатары көбейе бастады», – делі ауыл әкімі.

Жана су құбыры 238 үйді, 9 нысанды ауыз сумен қамтамасыз етуге қауқарлы.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ӨНІР ТЫҢЫСЫ

Мемлекетіміздің Тәуелсіздік алғанына 26 жылдың жүзі ішінде экономикамыздың дамуына, өнеркәсіп пен жұмыс істемей қалған зауыттарға жан бітіріп, жанғыртуда Қытай инвесторларының қосқан үлесі шексіз. Қашан да болмасын қол ұшын беруге дайын тұратын қытай халқы еліміздің әр өңірінде өнеркәсіпті салып қана қоймай, болашақ Қазақстанның гүлденуіне де өз үлесін тигізуде. Мәселен, елімізде халқы тығыз орналасқан Түркістан облысында көптеген зауыттар мен өнеркәсіп орындарының көп болуы тек бұл өңірдің тұрғындарын қамтамасыз етіп қана қоймай, бүкіл Қазақстан, тіпті шетелдік нарыққа шығуға мүмкіндік берді.

НҮРЛАН ҚУМАР

Қазақстан – бұл Орталық Азиядағы ең ірі және экономикасы қуатты ел. Оның өңірегінде жалпы ішкі өнім жинағынғындағы үлесі 60 пайызды құрайды. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберінде жүзеге асырылып жатқан түрлі инвестициялық және өндірістік жобалары өз нәтижесін беруде.

Мұнай-газ саласы ел экономикасының дамуына көп үлес қосатыны ақиқат. XIX ғасырдан бастау алатын бұл саланың дамуы жылдан жылға қарқын алып келеді. Өткен жылы рекордтық мөжеге қол жеткізіп, 86,2 миллион тонна мұнай өндірілді. Биыл да өндіріс көлемі бытырғыдан кем болмайды деген болжам жасалып отыр. Соңғы мәліметтер бойынша елімізде 6 миллиард тонна қара алыт қоры бар. Бұл әлемдік мұнай қорының 3 пайызы. Елімізде мұнай өндіру айына 6 миллион тоннаны құрайды. Биылғы мөже – 87 миллион тонна екен.

Бұл орайда Шымкенттегі «Петро-Қазақстан Ойл Продактс» мұнай өңдеу зауытының қосар үлесі көп. Аталмыш зауыт «Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму» бағдарламасы аясында сапасы жағынан Еуро-4 және Еуро-5 экологиялық стандартындағы жанармай шығаруға қол жеткізіп отыр. Екі кезеңнен тұратын Шымкент мұнай өңдеу зауытын жанғырту жобасы «Үдемелі индустриалдық инновациялық даму» бағдарламасы аясында 2011 жылы басталған болатын. Жобаның бас мерігері – қытайлық СРССС компаниясы. Жобаны іске асыруға 30-дан аса жергілікті мердігер компаниялар тартылған. Бүгінде зауыт акциясы «ҚазМұнайГаз-ӨМ» АҚ

Түркістан облысы қарыштап дамып келеді

Озық технология – тұрақты дамудың көпілі

мен қытайлық CNPC компаниясына тиесілі. Зауыт жұмысы экологияға да ерекше мән беруде, бұдан былай ауа ластанбайды. Ең бастысы – зауыттағы жұмыстар қауіпсіз іске асырылады. Сондай-ақ зауытта жылына 4 мың тонна күкірт шығарылады. Құрылымдау жұмыстарының екінші кезеңі толық аяқталса, зауыт еліміздегі әлемдік талаптарға сай ірі кәсіпорынға айналады.

Шымкент мұнай өңдеу зауытының шикізаты қайта өңдеу тереңдігі 85 пайызға жуықтайды. Жоғары оқтанды бензинді өндірудің жылдық көлемі 652 мың тоннадан 2 миллион 270 мың тоннаға ұлғайды. Дизель отынының жылдық өндірісі 1 миллион 192 мың тоннадан 1 миллион 916 мың тоннаға жетеді. Ал авиатоп 254 мың тоннадан 400 мың тоннаға дейін өндірілетін болды. Жалпы жанғырту жұмыстары барысында 11 технологиялық құрылыс мен 29 жалғызбастық шаруашылық нысаны бой көтерді. Изомеризация құрылысы іске қосылған соң, жоғары оқтанды бензин өндірісі 100 пайызды қоса, моторлы отынның сапасы K4 және K5 экологиялық санатына жетті.

